

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Шұқыркөл ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Шұқыркөл ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 8 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 21 маусымда № 23136 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасы, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Ғабит Мүсірепов ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2021 жылғы 19 мамырындағы № 09-08/317 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Шұқыркөл ауылдық округінің 15 жылдық Қазақстан ауылы Школьная көшесінің аумағында ірі кара мал (сиыр) құтыру ауруын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты тоқтатылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов ауданы Шұқыркөл ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2021 жылғы 30 ақпандағы №6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7393 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шұқыркөл ауылдық округі әкімі*

*К. Жанзаков*